

Тақырыбы: «Біз мейірімді баламыз» тренингі

Мақсаттары:

1. Балаларға мейірімділік, сыйластық, достық қасиеттерінің маңызын түсіндіру.
2. Эмпатия, қарым-қатынас жасау, бір-біріне қолдау көрсету дағдыларын дамыту.
3. Позитивті көңіл-күй қалыптастыру, топтағы бірлікті арттыру.

Күтілетін нәтиже:

1. Балалар «мейірімділік» ұғымын түсіндіреді.
2. Топта белсенді әрекет жасап, бір-біріне жағымды сөз айтады.
3. Өз іс-әрекеті арқылы мейірімділікті көрсетеді.

Қажетті құралдар:

- Жүрекшелер, түрлі-түсті қағаздар, смайликтер, маркерлер, стикерлер, шар, медиа-презентация (қажет болса), әуен.

Сабак барысы

I. Шаттық шеңбері — «Жылы лебіз» (3 мин)

Балалар шеңберге тұрады.

Тренер сөзі:

— «Бүгін біз бір-бірімізге жақсы көңіл-күй сыйлаймыз. Қасыңдағы балаға жұмсақ дауыспен жылы сөз айт».

Балалар кезекпен «Сен кереметсің!», «Сені жақсы көремін!», «Сен ақылдысың!» сияқты сөздер айтады.

II. Топқа бөліну Құндылықтар бойынша бөлу

Мейірімділікке байланысты сөздер тарату:

- «Достық»
- «Қайырымдылық»
- «Көмек»

Балалар сол сөздерге сәйкес топтарға бөлінеді (2 мин)

III. «Мейірімділік деген не?» — Ми шабуылы (5 мин)

Сұрақтар:

— Мейірімді болу деген қандай?

— Сен мейірімді әрекеттер жасай аласың ба?

— Мейірімді адамдарды қалай тануға болады?

Топтар өз ойларын стикерге жазып, плакатқа жапсырады.

IV. Жаттығу «Мейірімділік пирамидасы»

Мақсаты: Топпен бірге нәтижеге жету, шығармашылық.

Уақыты: 8–12 минут.

Қалай өткізіледі?

- Әр топқа А4 қағаздары беріледі.
- Олар әр қағазға **мейірімді әрекетті** жазады: «Жылап тұрғанға көмектесу», «Сыпайы болу», «Кешіре білу» және т.б.
- Тапсырма: сол қағаздардан **ең биік “мейірімділік пирамидасын” тұрғызу.**
- Қай топтың пирамидасы биік әрі құламай тұрса — жеңімпаз.

V. Ситуациялық тапсырма — «Не істер едің?» (5 мин)

Әр топқа жағдаят беріледі:

Жағдаят 1: "Құралын ұмытып қалған дос"

Жағдаят 2: "Көңілсіз отырған сыныптасың"

Жағдаят 3: "Екі оқушының ұрысы"

VI. Қимыл-қозғалыс ойыны «Жақсылық тізбегі» (3 мин)

Шар лақтыру ойыны:

Балалар шеңберде тұрады. Шарды бір-біріне лақтырып, шарды ұстаған бала мейірімді әрекет айтады:

— «Мен анама көмектесемін»,

— «Мен достарыма көмектесемін» және т.б.

VII. Жаттығу: «Мейірімділік ағашы»

— Ал енді біздің үлкен «Мейірімділік ағашына» жапырақтар жапсырамыз. Мына стикерлерге бір ғана сұраққа жауап жазамыз: «Мен мейірімді болу үшін не істей аламын?»

— Мысалы: «Үйде анама көмектесемін», «Досымды жұбатамын», «Кішілерге жол беремін».

(Оқушылар жазып болған соң, тақтадағы ағашқа жапсырады.)

— Қараңдаршы, ағашымыз қандай әдемі болды! Бұл — мейірімділікке толы сыныбымыздың символы.

VII. Рефлексия — «Смайликтер» (2 мин)

Балалар үш түрлі смайликтің бірін таңдайды:

☺ — Бәрі ұнады

☹ — Жақсы, бірақ қиындық болды

☹ — Қиын болды

Қысқаша түсіндіреді: не ұнады, не үйренді?